

МРНТИ 14.35.09

Әлмұғамбетова М.С.¹ Өтетілеуова Ә.Ж.²
¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы
²Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы

**АҒЫЛШЫН ТІЛДІК САЯСИ ДИСКУРСТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ІЛЕСПЕ АУДАРМА БАРЫСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ
АУДАРУ ЖОЛДАРЫ (ЕУРОПАЛЫҚ ПАРЛАМЕНТ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСТАРЫ
НЕГІЗІНДЕ)**

Андатпа

Бұл мақалада Еуропалық Парламент пленарлық отырыстары негізінде ағылшын тілінен қазақ тіліне фразиологиялық бірліктерді аудару барысындағы аударма әдістері мен қиындықтары қарастырылады. Сонымен қатар қазақ және ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қысқаша түрде қарастырады.

Ключевые слова: аударма, саяси дискурс, ілеспе аударма, фразеология, фразиологиялық бірлік, аудармашы, тіл.

*Almugambetova M.S.¹ Otetileuova A.Zh.²
¹teacher of Al-Farabi Kazakh National University
²teacher of Al-Farabi Kazakh National University*

**METHODS OF TRANSLATION OF PHRASEOLOGY FROM ENGLISH
LANGUAGE INTO KAZAKH DURING SIMULTANEOUS TRANSLATION IN
POLITICAL DISCOURSE (ON THE BASIS OF PLENARY SESSIONS OF THE
EUROPEAN PARLIAMENT)**

Abstract

This article, is focused on translation methods and difficulties in the translation of phraseological units from English to Kazakh on the basis of plenary sessions of the European Parliament. It describes phraseology in Kazakh and English languages, their similarities and differences.

Key words: interpreting, political discourse, simultaneous translation, phraseology, phraseological unit, interpreter, language.

*Әлмұғамбетова М.С.¹ Өтетілеуова А.Ж.²
¹Преподаватель КазНУ им.Аль-Фараби
²Преподаватель КазНУ им.Аль-Фараби*

**СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА ФРАЗЕОЛОГИИ ИЗ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В
КАЗАХСКИЙ ПРИ СИНХРОННОМ ПЕРЕВОДЕ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ
(НА ОСНОВЕ ПЛЕНАРНЫХ ЗАСЕДАНИЙ ЕВРОПЕЙСКОГО ПАРЛАМЕНТА)**

Аннотация

В статье рассматриваются способы перевода фразеологизмов и трудности при переводе фразеологических единиц с английского на казахский язык на основе пленарных заседаний Европейского Парламента. В ней описываются фразеология казахского и английского языков, а также их сходства и различия.

Ключевые слова: перевод, политический дискурс, синхронный перевод, фразеология, фразеологическая единица, переводчик, язык.

Кіріспе. Ілеспе аударма — ауызша аударманың ең күрделі түрі. Ілеспе аудармашы болу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Нәтиже аудармашының дайындығы мен оқыту әдістемесіне, оқытушының таланты мен білгірлігіне, сонымен қатар, аудармашының аударма кезіндегі кез келген жағдайда, тез әрекет ету қабілетіне, төзімділігіне және аялық біліміне байланысты [1].

Аудармашы үшін аса күрделі ақпараттарды, сонымен қатар сандарды, адам және жер-су аттарын жазбаша түрде, тез арада байқау әрі белгілеу қабілеті өте маңызды. Соның ішінде фразеологизмдерді аудару біраз ауыртпалық алып келеді. Әсіресе, көне мәдениеттен шығып, түрлі мағынаға және эмоционалдық өңге ие болған түрлері аса қиынға соғады. Жалпы айтқанда, фразеологиялық бірліктерге тап болған аудармашы, екі тілді жетік біліп қана қоймай, сондай-ақ аударма тілінің мәдениеті мен мүмкіндіктерімен салыстыра отырып, түпнұсқа тілінің стилистикалық және мәдени-тарихи көріністеріне талдау жасай білуі тиіс. Себебі фразеологиялық бірліктерге енгізілген ұлттық және мәдени ерекшеліктер, жиі тұрақты айналымды түпнұсқалық тілден аударма тіліне аудару барысын күрделі құбылысқа айналдырады. Фразеологизмдердің ең негізгі ерекшелігі, құрылымының оның мағынасымен сәйкес келмеуі. Ілеспе аударма кезіндегі оғаш немесе күлкілі оқиғалар көбінесе фразеологизмдердің дұрыс емес аудармасынан туындап отырады. «Фразеология» термині кең мағынада алғанда, белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлерінің жиынтығы деген ұғымды білдіреді. «Фразеология» грек тілінің «*phrasis*», яғни «сөйлемше және ұғым, білім» деген сөздерінен алынған [2].

Ағылшын саясаткерлері ресми дискурстары мен сұхбаттарында тұрақты тіркестерді жиі әрі тиімді қолданады.

Берілген тақырыбымызға сәйкес ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестерді қазақ тіліне аудару тәсілдерін қарастырамыз. Берілген дискурстарды қарастыру барысында байқағанымыздай ағылшын саясаткерлерінің дискурстарында фразеологиялық бірліктер жиі кездеседі және көп жағдайда ол тұрақты тіркестердің қызметі тыңдаушыларға қандай да бір эмоциялық немесе коммуникативті әсер беру емес, дискурсты әсерлі және тыңдауға қызықты ету болып табылады. Ағылшын саясаткерлерінің дискурстарында фразеологиялық бірліктер жиі кездеседі және көп жағдайда ол тұрақты тіркестердің қызметі тыңдаушыларға қандай да бір эмоциялық немесе коммуникативті әсер беру емес, дискурсты әсерлі және тыңдауға қызықты ету болып табылады.

Ілеспе аудармада тұрақты тіркестердің, немесе саяси қолданыстағы ұғымдардың белгілі бір сөздігін жасау аса қажет, себебі ілеспе аударманың қиындығы ол уақыт тапшылығы, дегенмен сөйлеушінің ойын ғана тура аудару емес, сонымен қатар сөйлеушінің тіліндегідей әсем әрі әсерлі жеткізуге тырысып бағу аудармашының бірден бір мақсаты.

Тұрақты тіркестердің аудару тәсілдерін үйренудің маңыздылығы бейнелі ақпаратты дәлме-дәл жеткізу және түпнұсқадағы ақпараттың стилистикалық әсерін аудармада жаңадан жасау тәрізді мәселелерімен айқындалады.

Қазақстан Билігі болсын Ұлыбритания Билігі болсын өзінің геосаяси мүддесі тұрғысынан сыртқы және ішкі тұрақтылыққа жетуге тырысады. Екі ел де өз ішіндегі ұлттардың өзара тығыз бірлігімен, тыныштық пен теңдікте өмір сүруімен қатар, сыртқы

көршілерімен де, өзге де экономикалық байланыс орнаған мемлекеттермен бірдей мәміледе ғұмыр кешуге аса мүдделі. Сондықтан да ел билігі мемлекет ішінегі тұрақтылық пен бейбітшілік орнатылуы жайында көп уағыздайды әрі әлемдік аренада да ғаламдық тұтастықтың, бүкіләлемдік бейбітшіліктің орнауы керектігі жайында баяндамалар жасайды. Сонымен қатар, еліміздің басты ерекшелігі оның тұрақтылық пен бейбітшілікте, ұлттар мен ұлыстардың өзара үндесімінде өмір сүріп жатқандығы жайында ақпараттар таратады. Сол себепті Ұлыбритания және Қазақстан арасындағы саяси кездесулерде аталған тақырыптарға аса көңіл бөледі, насихаттайды. Әсіресе, қазақ саяси дискурс тіліндегі үлкен концептуалды мәнге ие ұғымдардың баламаларын былай көрсетуге болады. Аталған ұғымдардың барлығы бірлік не достастық, бейбітшілік болып табылады. Екі тілдің саяси дискурсындағы негізгі ұғымдардың ұқсастығы жайлы және сол түсініктердің ерекшеліктері мен өзгешелігін келесі кесте арқылы көруге болады:

Тәжірибе. Салыстырмалы тіл білімінде алдыңғы қатарлы орыс ғалымдары Я.И Рецкер, А.В Федоров, С. Влахов және т.б фразеологизмдерді аудару мәселесі туралы ой пікірлер айтқан еді. Олардың пікірлеріне сүйеніп, С. Влахов пен С. Флорин фразеологизмдерді түпнұсқа тілінен аударма тіліне аударудың мынадай жолдары бар екендігін көрсетеді.

1. Түпнұсқа тіліндегі берілген фразеологизмдердің аударма тілде кездескен эквивалентін беру арқылы аудару.

2. Аударма тілдегі вариантын беру арқылы.

3. Аударма тілде түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы да, варианты да болмағандықтан, фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру арқылы [3,416-б],

Көптеген саясаткерлер өздірінің ресми дискурстары мен сұхбаттарында тұрақты тіркестерді жиі және тиімді қолданады.

Енді біз Еуропарламенттің пленарлық отырыстарындағы белгілі саясаткерлердің берген дискурстарын талдау арқылы тұрақты тіркестерді қолдану тенденциясын, тұрақты тіркестердің қазақ тілінде қандай тәсілмен аударылғанына талдау жасаймыз.

Еуропалық Парламент - бұл Еуропалық Одақтың барлық азаматтарын таныстыратын депутаттардың жиналысы. 1979 жылдан бастап депутаттар тікелей жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайланды, және қазіргі уақытта Еуропарламент 785 депутаттан тұрады, оның мандаты ЕО-ға мүше мемлекеттер арасында осы мемлекеттердегі адамдар санына пропорционалды түрде бөлінеді. Еуропарламент Страсбургте жиналады, басқа орталықтары Брюссель және Люксембург. Қазіргі уақытта парламентте 8 фракция таныстырылған, сондай-ақ бірнеше қосылмаған депутаттар саны бар. Өздерінің мемлекеттерінде парламентшілер 160-ға жуық түрлі партиялар мен қауымдастықтардың мүшелері болып табылады.

Еуропарламент Страсбургте, Францияда өтетін пленарлық отырыс үшін айына бір рет жиналады. Пленарлық отырыс дүйсенбіден бейсенбіге дейін төрт күнге созылады. Пленарлық отырысқа барлық мүше елдердің депутаттары қатысады. Онда белгілі бір шешімдер бойынша дауыс беру жүргізіледі.

Сонымен қатар, Пленарлық отырыстарда комитеттер дайындаған қорытындылар және түпкілікті резолюцияға ұсыныстар жасалады. Жиналыстың күн тәртібінде дауыс беру қорытындысы бойынша шешім қабылданатын болады [4].

Біздің тақырыбымызға сәйкес ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестерді қазақ тіліне аудару тәсілдерін қарастырамыз. Берілген дискурстарды қарастыру барысында байқағанымыздай ЕП саясаткерлерінің дискурстарында тұрақты тіркестер жиі кездеседі және көп жағдайда осы тұрақты тіркестердің қызметі тыңдаушыға қандай да бір эмоциялық немесе коммуникативті әсер беру емес, дискурсты әсерлі және тыңдауға жеңіл ету болып табылады.

Қазіргі уақытта айтарлықтай бұқаралық ақпарат құралдарында, саяси қайраткерлердің жолдауларында пайдаланылатын бейнелі сөздер, соның ішінде фразеологизмдердің саны өсті. Кейде саясаткерлердің өздері-ақ кейіннен бұқаралық қауымда пайдаланылатын қанатты сөздердің авторларына айналып кетеді. Лингвисттер, қазіргі таңдағы саяси дискурста фразеологизмдердің белсенді пайдалануын, қоғамдық өмірдің жалпы демократияландырылуымен байластырады.

Фразеологиялық бірліктерді саяси дискурста пайдалану келесі мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді:

- белгілі бір құбылысты бағалау кезінде автордың позициясын анық білдіру;
- оқиғаларға оң немесе теріс қатынасын қалыптастыру;
- байланыс орнату функциясын орындап, «адамдарға жақындауға» мүмкіндік беру.

Ілеспе аударма барысындағы фразеологизмдерді аудару барысына тереңірек талдау жасайтын болсақ, онда Еуропалық Парламенттегі пленарлық отырыстың пікірталасын аударып, аудармаға сараптама жасау барысында жоғары аталған фразеологизмдерді аудару тәсілдерінің келесідей түрлері анықталды:

Ең алғашқы қарастырылған дискурстар – Ұлыбритания тәуелсіздік партиясының көшбасшы, Найджел Фарадждың 2016 жылы 28 маусымда Брюссельде өткен Еуропарламенттің пленарлық отырысында сөйлеген сөзінен алынған [5].

Түпнұсқа:

*We want to be an independent, self-governing, normal nation. That is what we have done and that is what must happen. In doing so we now offer a **beacon of hope** to democrats across the rest of the European continent.*

Ілеспе аудармашы:

*Біз тәуелсіз, өздігінен басқарылатын, қалыпты ұлт болғымыз келеді. Міне, біз осылай істедік, және бұл солай болуы керек еді. Осылайша, біз, қазіргі таңда, **үміт отын** Еуропалық құрлықтағы бүкіл демократтар үшін ұсынамыз.*

Талдау:

Мәтінде тұрақты тіркесті сөйлем - *In doing so we now offer a **beacon of hope** to democrats across the rest of the European continent.*

Тура аударма: Бұл ретте біз Еуропалық континенттегі демократтарға үміт шамшырағын ұсынамыз. Яғни, “Брексит” жағдайы барлығымызға мәлім. Ұлыбритания - ЕуроОдақтан шығып жатқан алғашқы ел. Өйткені, бұл ұйым 60 жылда шекарасын кеңейтпесе, тарылтқан емес. Британ халқының Еуропалық Одақтан шығу шешімін қолдаған саясаткер, осылайша олардың тәуелсіз, өздігінен басқарылатын, қалыпты ұлт болу арманына тез жетеді деп сенеді. “Үміт шамшырағы” - үміт уәдесін беретін белгілі бір нәрсе. Бұл жағдайда кез-келген аудармашы түпнұсқа тіліндегі “**a beacon of hope**” айтылған фразеологизмнің, аударма тіліндегі “**үміт отын**” немесе эквивалентін қолдану арқылы аударып, қазақ тіліне әсем әрі әсерлі етіп жеткізе алды. Бұл мысалда ілеспе аудармашы сөйлемнің мағынасын жеткізіп, сонымен қатар бұл аударма қазақ тілінде қисынды болды. Аудару тәсілі: С.Влахов пен С. Флорин берген фразеологизмдердің аударма тілде кездескен эквивалентін беру арқылы аудару тәсілі қолданылды.

Түпнұсқа:

*When the people in 2005 in the Netherlands and France voted against that political union and rejected the constitution you simply ignored them and brought the Lisbon treaty in **through the back door**. What happened last Thursday was a remarkable result – it was a seismic result. Not just for British politics, for European politics, but perhaps even for global politics too.*

1-Ілеспе аудармашы:

2005 жылы Нидерланды мен Франциядағы халық осы саяси одаққа қарсы дауыс беріп, конституциядан бас тартқан кезде, сіздер оны жай ғана елемей, Лиссабон

шартын **заңсыз түрде** енгіздіңіз. Өткен бейсенбіде болған оқиға - керемет нәтиже болды. Тек қана британдық және еуропалық саясат үшін ғана емес, сондай-ақ жаһандық саясат үшін де сейсмикалық нәтиже болуы мүмкін.

2-Ілеспе аудармашы:

2005 жылы Нидерланды мен Франция халқы бұл саяси одаққа қарсы дауыс бергенде және конституциядан бас тартқанда, сіз оларды елемей, Лиссабон келісімін **артқы есіктен** енгіздіңіз. Өткен бейсенбіде болған оқиға - керемет нәтиже болды. Тек қана британдық және еуропалық саясат үшін ғана емес, сондай-ақ жаһандық саясат үшін де сейсмикалық нәтиже болуы мүмкін.

Талдау:

Мәтінде тұрақты тіркесті сөйлем - *When the people in 2005 in the Netherlands and France voted against that political union and rejected the constitution you simply ignored them and brought the Lisbon treaty in through the back door.*

Тура аударма: 2005 жылы Нидерланды мен Франция халқы бұл саяси одаққа қарсы дауыс бергенде және конституциядан бас тартқанда, сіз оларды елемей, Лиссабон келісімін **артқы есіктен** енгіздіңіз. Бұл - ЕуроОдақтың ең басты құжаты. Ол іске аспаған атышулы Еуроконституция жобасын алмастыру мақсатында бұдан екі жыл бұрын әзірленген болатын. Лиссабон шарты ЕуроОдақ мәселелерінің 95 пайызын Брюссельдегі жоғары органда шешілетін орталықтанған мемлекет тәрізді ұйымға айналдырады. Жалпы **“in through the back door”** тұрақты тіркесі - қандай да бір мақсатқа қол жеткізу үшін жасырын немесе әділетсіз әдістерді пайдалану деген мағынаны білдіреді. Британ саяси қайраткері, олардың тап болған, Ұлыбританияның ЕуроОдақтан шығу шешімінің негізгі себептерінің бірін түсіндіріп өту үшін осы сөз тіркесін қолданып отыр. Бірінші ілеспе аудармашы **“in through the back door”** тұрақты тіркесін **“заңсыз түрде”** деп аударып, қазақ тіліне әсем әрі әсерлі етіп жеткізе алды. Екінші ілеспе аудармашыға келер болсақ, осы тұрақты тіркестің тура аудармасын таңдады, яғни **“артқы есіктен”**. Екінші ілеспе аудармашы аударма арқылы сөйлемнің мағынасын жеткізе алғанымен, қазақ тілінде қисынды болмады. Аудармашы **“артқы есіктен”** деген сөз тіркесін **“заңсыз түрде”** деп аудару арқылы, тыңдаушының мәдениетіне жақынырақ, яғни тыңдаушыға түсінікті мағынада жеткізе алды. Аудару тәсілі: С.Влахов пен С. Флорин берген аударма тілді түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы да, варианты да болмағандықтан, фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру тәсілі қолданылды.

Түпнұсқа:

*Something has happened here. Let us listen to some simple pragmatic economics – my country and your country, between us we do an enormous amount of business in goods and services. That trade is mutually beneficial to both of us, that trade matters. If you were **to cut off your noses to spite your faces** and reject any idea of a sensible trade deal the consequences would be far worse for you than it would be for us.*

1-Ілеспе аудармашы:

Мұнда бір жағдай болды. Бір қарапайым прагматикалық экономиканы тыңдайық - менің елім және сіздің еліңіз, біз арамызда тауарлар мен қызметтерде бизнестің үлкен көлемін орындаймыз. Бұл сауда екі жаққа да тиімді әрі маңызды. Егер де сіз **өз ашуызаңыздың кесірінен өзіңізге зиян келтіріп**, саналы сауда мәмілесінің кез келген идеясын қабылдамайтын болсаңыз, оның салдары, бізге қарағанда, сіз үшін өте нашар болар еді.

2-Ілеспе аудармашы:

Мұнда бір жағдай болды. Бір қарапайым прагматикалық экономиканы тыңдайық - менің елім және сіздің еліңіз, біз арамызда тауарлар мен қызметтерде бизнестің үлкен көлемін орындаймыз. Бұл сауда екі жаққа да тиімді әрі маңызды. Егер де сіз **қызу**

үстінде өзіңізге зиян келтіріп, саналы сауда мәмілесінің кез келген идеясын қабылдамайтын болсаңыз, оның салдары, бізге қарағанда, сіз үшін өте нашар болар еді.

Талдау:

Мәтінде тұрақты тіркесті сөйлем - *If you were **to cut off your noses to spite your faces** and reject any idea of a sensible trade deal the consequences would be far worse for you than it would be for us.*

Британ саяси қайраткері, ЕП пленарлық отырыстың мүшелерін қарапайым прагматикалық экономикаға назар аударуын сұрайды. Яғни Ұлыбритания мен көптеген Еуропа мемлекеттерінің арасында сауда-саттық қарым-қатынастары жақсы дамыған. Олардың арасында тауарлар мен қызметтерде бизнестің үлкен көлемін орындалады. Бұл сауда екі жаққа да тиімді әрі маңызды. Және де ол осы мемлекеттердің өкілдеріне, олар босқа ерігісіп, саналы сауда мәмілесінің қандай да бір идеясын қабылдамайтын болса, оның салдары, олардың өздері үшін өте нашар болатынын түсіндіру үшін осы **“to cut off your noses to spite your faces”** тұрақты тіркесін қолданды. Жалпы **“to cut off your noses to spite your faces”** тұрақты тіркесі - біреуге зиян келтіремін деп, өзіне қиямет көрсету деген мағынаны білдіреді. Ағылшын тіліндегі бұл фразеологизмнің орыс тілінде бірнеше баламаларын табуға болады. Мысалы: “себе хуже делать”, “идти пешком назло кондуктору”, “назло бабушке нос отморозить” және т.б. Ал енді қазақ тілінде бұл тұрақты тіркестің эквиваленті болмағандықтан екі ілеспе аудармашы бұл сөз тіркесін фразеологиялық емес тіл құралдарымен беруге тырысты. Яғни, бірінші ілеспе аудармашы **“to cut off your noses to spite your faces”** тұрақты тіркесін **“өз ашу-ызаңыздың кесірінен өзіңізге зиян келтіру”** деп аударса, ал екінші ілеспе аудармашыға келер болсақ, осы тұрақты тіркестің аудармасын, ол **“қызу үстінде өзіңізге зиян келтіру”** деп қазақ тіліне түсінікті етіп жеткізе алды. Аудару тәсілі: С.Влахов пен С. Флорин берген аударма тілді түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы да, варианты да болмағандықтан, фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру тәсілі қолданылды. Яғни осы соңғы мысалдарда көрсетілгендей, кейбір фразеологиялық бірліктердің аударма тілінде сәйкес келетін баламасы немесе фразеологиялық эквиваленті (калька) кездеспейтін жағдайларда, фразеологиялық бірліктерді бір тілден екінші тілге аудару өте қиынға соғады. Бұндай жағдайларда аудармашы аудиторияға аударманы уақытылы әрі жетік жеткізу үшін, аударманы фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру арқылы береді.

Келесі қарастырылатын дискурс – Кеңестің қазіргі төрағасы, Жанин Хеннис-Плассхарттың 2016 жылы 28 маусымда Брюссельде өткен Еуропарламенттің пленарлық отырысында сөйлеген сөзінен алынған.

Түпнұсқа:

*This is what European citizens expect from us, and rightly so. While institutional debates on treaty changes and conventions are a paradise for lawyers and diplomats, they are a hell for citizens. So we simply need **to grit our teeth, roll up our sleeves** and use all the tools and means we have. True, it will not always be easy to agree on what we should do.*

1-Ілеспе аудармашы:

*Еуропалық азаматтардың бізден күтетіні осы және бұл әділетті. Шарттық өзгерістер мен конвенциялар туралы институционалдық пікірталастар адвокаттар мен дипломаттар үшін жұмақтай болғанымен, олар азаматтар үшін тозақ секілді. Сондықтан да біз **тісменіп, іске сыбанып кірісіп**, барлық қол жетімді құралдарды қолдануымыз керек. Әрине, істеуге міндетті нәрсеге әрдайым келісу оңай емес.*

2-Ілеспе аудармашы:

*Еуропалық азаматтардың бізден күтетіні осы және бұл әділетті. Шарттық өзгерістер мен конвенциялар туралы институционалдық пікірталастар адвокаттар мен дипломаттар үшін жұмақтай болғанымен, олар азаматтар үшін тозақ секілді. Сондықтан біз жай гана біздің **тістерімізді қысып, жеңдерімізді түріп қойып**, бар*

құралдар мен қаражатымызды қолданғанымыз жөн. Әрине, істеуге міндетті нәрсеге ардайым келісу оңай емес.

Талдау:

Мәтінде тұрақты тіркесті сөйлем - *So we simply need to grit our teeth, roll up our sleeves and use all the tools and means we have.*

Тура аударма: Сондықтан біз жай ғана біздің тістерімізді қысып, жеңдерімізді түріп қойып, бар құралдар мен қаражатымызды қолданғанымыз жөн. Жоғарыда қарастырғанымыздай, “Брексит” жағдайы барлығымызға мәлім. Ұлыбритания - ЕуроОдақтан шығып жатқан алғашқы ел. Өйткені, бұл ұйым 60 жылда шекарасын кеңейтпесе, тарылтқан емес. Ұлыбритания ЕуроОдақтан шыққанда, 27 мүше-мемлекеттерден тұратын Одақ өмір сүруін жалғаса береді. Әрине бұл жағдай Одаққа кері әсерін тигізеді. Сондықтан бірге өсуді қамтамасыз ету, гүлденуді арттыру және Еуропа азаматтарыны үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету ортақ мәселесін шешу қажет болады. Осыған байланысты, Еуропалық Парламент депутаты **“to grit your teeth”** және **“roll up your sleeves”** тұрақты тіркестерін қолданды. Жалпы **“to grit your teeth”** тұрақты тіркесі - қиын жағдайды қабылдап, онымен белгілі бір жолмен күресу деген мағынаны білдіреді. Ал **“roll up your sleeves”** тұрақты тіркесі - қиын жұмысқа дайындалу деген мағынаны білдіреді. Бірінші ілеспе аудармашы **“to grit our teeth, roll up our sleeves”** тұрақты тіркестерін **“тістеніп, іске сыбанып кірісіп”** деп аударып, қазақ тіліне әсем әрі әсерлі етіп жеткізе алды. Екінші ілеспе аудармашыға келер болсақ, осы тұрақты тіркестің тура аудармасын таңдады, яғни **“тістерімізді қысып, жеңдерімізді түріп”** деп аударды. Екінші ілеспе аудармашы аударма арқылы сөйлемнің мағынасын жалпы жеткізе алғанымен, ол қазақ тілінде қисынды болмады. Аудармашы бұл тұрақты сөз тіркестерін **“тістеніп, іске сыбанып кірісіп”** деп аудару арқылы, тыңдаушының мәдениетіне жақынырақ, яғни тыңдаушыға түсінікті мағынада жеткізе алды. Аудару тәсілі: С.Влахов пен С. Флорин берген аударма тілді түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы жоқ болғандықтан, аудармашы оны аударма тіліндегі нұсқасын беру тәсілін қолданады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, кез келген аудармашы үшін бірінші кедергі - фразеологизмдерді тауып және танудан тұрады. Егер олар белгісіз болса, олар әр сөздің мағынасын түсіндіріп аудару арқылы аударылады, және де бұның нәтижесі күмәнді болуы мүмкін. Егер аудармашы жақсы дайындалған болса, ол кез келген ерекше тұжырымдаманы, тіпті өз тәжірибесінде бұл идиоманы бұрын ешқашан кездестірмеген болса да, тоқтап және ойластыру қабілетіне ие болады. Алайда, ілеспе аударма кезінде бұл аудармашыға уақытты үнемдеуге кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан фразеологизмдер сияқты сөз тіркестерін тез әрі адекватты түрде аудару дағдысы аудармашы үшін өте маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиттер тізімі

- [1] https://en.wikipedia.org/wiki/Language_interpretation (дата обращения: 19.12.2018)
- [2] <http://kk.wikipedia.org/wiki/Фразеология> (дата обращения: 19.12.2018)
- [3] Влахов С.И., Флорин С.П. Непереваемое в переводе: — Издательство «Международные отношения» М.: 1980. — 416 с.
- [4] <https://www.egemen.kz/article/175605-elbasynynh-qazaqstan-khalqyna-zholdauynynh-tolyq-nusqasy-05102018> (дата обращения: 19.12.2018)
- [5] <https://www.youtube.com/watch?v=ayRphaTgH2Q> (дата обращения: 05.01.2019)